


МКҚК «Айгүл» бөбекжайының  
директоры  И.Д.Əлішбаева

2024-2025 оқу жылындағы  
Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары.

2025ж

---

**Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары**

| №                                             | Мазмұны                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Мерзімі         | Жауаптылар                                               |
|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|----------------------------------------------------------|
| <b>I-кезең: Ұйымдастырушылық - ақпараттық</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                 |                                                          |
| <b>Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау.</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                 |                                                          |
| 1                                             | Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну                                                                                                                                                                                                                            | Мамыр           | Директор<br>Әдіскер                                      |
| 2                                             | Басшылыққа алынатын нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін актілерді шығару.<br>- Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту<br>- Жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу<br>- Жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру<br>- Жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру | Мамыр           | Директор<br>Әдіскер                                      |
| 3                                             | Қызметкерлерге нұсқау өткізу<br>- Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру<br>- Балалар жарақатының алдын алу<br>- Жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау<br>- Күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету<br>- Ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың                                         | Мамыр<br>маусым | Директор<br>Әдіскер<br>Медбибі<br>Шаруашылық меңгерушісі |

|                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |              |                                             |
|-------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|---------------------------------------------|
|                                           | <p>алдын-алу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- МДҰ ауласында ,бөбекжай жанындағы жылыжайда, ойын алаңдарында балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік шаралары</li> <li>- Алғашқы жедел көмек көрсету</li> </ul>                                                |              |                                             |
| 4                                         | <p>Балаларға нұсқау өткізу туралы</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жарақаттанудың алдын алу үшін қоғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсінік беру</li> <li>- табиғатта серуендеу тәртібі</li> <li>- балабақша аумағында, ауада жүру ережесі.</li> </ul>              |              | Әдіскер<br>Тәрбиешілер                      |
| <b>II-кезең Әкімшілік басқару бақылау</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |              |                                             |
| 1                                         | <p>Әкімшілік-шаруашылық жұмыстары.</p> <p>1) Ауланы дайындау</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Құм әкелу;</li> <li>- Ойын алаңдарын дайындау, дезинфекциялық жұмыстар жүргізу</li> <li>- Жаздық шатырларды тазалау, әрлеу.</li> </ul> <p>2) Қауіпсіздікті тексеру</p> | Мамыр        | Директор,әдіскер,<br>шаруашылық меңгерушісі |
| 2                                         | Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау.                                                                                                                                                                    | Жаз бойы     | Әдіскер                                     |
| 3                                         | Күн тәртібінің орындалуын бақылау.                                                                                                                                                                                                                                               | Жаз бойы     | Әдіскер, дене тәрбиесі<br>маманы            |
| 4                                         | <p>Назарға алынған бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- перспективалық жоспардың орындалуы</li> <li>- күн тәртібін сақтау;</li> <li>- жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту;</li> </ul>                                                                | Маусым-тамыз | Директор<br>Әдіскер<br>Мебибі               |

|                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |              |                                            |
|------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------------------|
|                                                      | - жаңа оқу жылына дайындық.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |              |                                            |
| 5                                                    | <p>Жедел бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау;</li> <li>- тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы;</li> <li>- күн режимі;</li> <li>- белгіленген іс-шаралардың өткізілуі;</li> <li>- құжаттарды жүргізу;</li> <li>- алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы;</li> <li>- қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.</li> </ul>                                                                                                                    | Маусым-тамыз | Директор<br>Әдіскер<br>Медибі              |
| <b>3. III-кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |              |                                            |
| 1                                                    | <ul style="list-style-type: none"> <li>- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету;</li> <li>- «шынықтыру» жаттығуларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау;</li> <li>- педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау;</li> <li>- серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету;</li> <li>- балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу</li> <li>- топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның</li> </ul> | Маусым-шілде | Әдіскер,<br>Дене тәрбиесі маманы<br>Медибі |

|                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |          |                                                                    |
|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|--------------------------------------------------------------------|
|                         | қолжетімділігі мен дамытушылығы талаптарға сәйкестігін қадағалап, жетілдіріп отыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |          |                                                                    |
| 2                       | <p>Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары</p> <p>1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- буклеттер;</li> <li>- инфографикалық ақпараттық парақшалар;</li> <li>- кітапшалар;</li> <li>- электрондық ақпарат көздеріне сілтеме.</li> </ul> <p>2. Санитарлық бюллетендер шығару:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Ішек жұқпасы»;</li> <li>- «Кене энцефалиті»;</li> <li>- «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»;</li> <li>- «Дәруменді көкөністермен жемістер».</li> </ul> <p>«Жемістер мен көкөністердің бала ағзасына пайдасы»</p> | Жаз бойы | Әдіскер<br>Медбибі                                                 |
| 3                       | Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек, кеңес беру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Жаз бойы | Әдіскер                                                            |
| <b>Балалармен жұмыс</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |          |                                                                    |
| 1                       | <p>«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;</li> <li>- өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;</li> <li>- денсаулығын нығайту жұмыстарын арттыру, шынығуға жаттықтыру;</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Жаз бойы | Әдіскер, тәрбиешілер,<br>музыка жетекшісі, дене<br>тәрбиесі маманы |

|                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |          |                                                 |
|--------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------------------------------------|
|                                            | <ul style="list-style-type: none"> <li>- бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің манызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау, бөбекжайда электронды кітапхана орналастыруға жұмыстану;</li> <li>- балалардың пікірін, идеяларын ескеру</li> <li>- бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгертуді ойын нысанында іске асыру;</li> <li>- педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру ;</li> <li>- әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын арттыру;</li> </ul> |          |                                                 |
| <b>Дене шынықтыру –сауықтыру жұмыстары</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |          |                                                 |
| 1                                          | Балалар денсаулығы мониторингі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Мамыр    | Тәрбиешілер                                     |
| 2                                          | Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Жаз бойы | Әдіскер,<br>Дене тәрбиесі маманы<br>Медбибі     |
| 3                                          | Жаттығулар:<br><ul style="list-style-type: none"> <li>- таза ауадағы дене шынықтыру;</li> <li>- ертеңгілік жаттығулар;</li> <li>- ұйқыдан ояту жаттығулары;</li> <li>- сергіту сәттері</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Жаз бойы | Әдіскер,<br>Дене тәрбиесі маманы<br>Тәрбиешілер |
| 4                                          | 1. Спорттық ойын, жарыстар:<br><ul style="list-style-type: none"> <li>- спорттық ойындар;</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Жаз бойы | Әдіскер,<br>Дене тәрбиесі маманы                |

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                          |                        |
|----------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|------------------------|
|                            | <ul style="list-style-type: none"> <li>- спорт жарыстары;</li> <li>- эстафеталар.</li> </ul> <p>2. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар.</p> <p>3. Спорт мерекелері.</p> <p>4. Мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде спорттық сайыстар өткізу</p>                                                                                                        |                          | Тәрбиешілер            |
| 5                          | <p>Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, терезені ашып қойып ұйықтату;</li> <li>- тұзды сумен, лимон суымен, түймедақ ерітіндісімен ауызды және тамақты шаю;</li> <li>- ауыз-су режимі;</li> <li>- ауқымды жуыну;</li> <li>- аяқты шаю;</li> <li>- тыныс алу жаттығулары.</li> </ul> | Жаз бойы                 | Тәрбиешілер            |
| 6                          | <p>Балалармен әңгімелесу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Денсаулық басты байлық»</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Жаз бойы                 | Медбибі                |
| 7                          | Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Жаз бойы                 | Медбике<br>Аспаз       |
| <b>Ата-аналармен жұмыс</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                          |                        |
| 1                          | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ата-аналарға арналған сауалнама: «Жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында жүргізу;</li> <li>- ата-аналармен күнделікті пікірлесу, жылыжай жұмысына тарту;</li> </ul>                                                                                                                                                                             | Мамыр<br>Маусым<br>Шілде | Әдіскер<br>тәрбиешілер |

|                                                     |                                                                                                                                                                                                                                         |       |                                    |
|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|------------------------------------|
|                                                     | - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы, электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта);<br>- іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту |       |                                    |
| <b>Қорытынды: Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау</b> |                                                                                                                                                                                                                                         |       |                                    |
| 1                                                   | Жазғы сауықтыру шараларының аяғында балалармен кері байланыс өткізу                                                                                                                                                                     | Тамыз | Тәрбиешілер                        |
| 2                                                   | Жазғы сауықтыру шараларының аяғында ата-аналармен кері байланыс жасау                                                                                                                                                                   | Тамыз | Тәрбиешілер                        |
| 3                                                   | Денсаулық мониторингі                                                                                                                                                                                                                   | Тамыз | Тәрбиеші, медицина қызметкері      |
| 4                                                   | Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау                                                                                                                                                                              | Тамыз | Директор<br>Әдіскер<br>тәрбиешілер |